

ҚазҰУ-ға 85 жыл: БЕЛЕСТЕН БЕЛЕСКЕ

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

QAZAQ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№21 (1730)
28 мамыр
2019 жыл

YUNIVERSITETI

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің ұжымына

ҚҰРМЕТТІ УНИВЕРСИТЕТ ҰЖЫМЫ! ҚАДІРЛІ ҰСТАЗДАР МЕН СТУДЕНТТЕР!

Сіздерді Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 85 жылдық мерейлі белесімен құттықтаймыз!

Бұл оқу орны – еліміздің білім мен ғылым саласындағы қара шаңырақтарының бірі. Халқымыздың біртуар тұлғалары ұстаздық еткен, көптеген асыл перзенттері түлеп ұшқан білім ордасы 85 жылдық тарихында сан мың жас өркенді тәрбиелеп шығарды.

Әлемнің ең үздік 220 жоғары оқу орнының қатарына қосылған университет қабырғасында 2 мыңнан астам профессор, доктор және білім кандидаты, 100-ден астам академик, ел мақтанышы болар басқа да көптеген азаматтар жастарға тәлім-тәрбие беруде.

Қазіргі жаһандану дәуірінде білікті мамандар даярлау ісінде – Қазақ ұлттық университетіне зор жауапкершілік жүктеледі.

Сіздер білім беру жүйесін ұдайы жетілдіріп, әлемдік бәсекеге барынша қабілетті мамандар легін дайындай берсеңіздер деп сенемін.

Баршаңызға зор денсаулық, қызметтеріңізге табыс, ғылыми істеріңізге сәттілік тілеймін!
Мерейтой құтты болсын!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті

ҚАЗҰУ ТҮЛЕКТЕР КҮНІ

25 мамыр әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да үлкен және ұмытылмас оқиға өтті. Еліміздің жетекші оқу орны өзінің 85 жылдығын және Түлектер күнін атап өтті.

Бұл күні «Мәңгілік Ел» триумфалды аркасында курстастармен, педагогтармен кездесу, университет мерейтойына және Түлектер Қауымдастығының 25 жылдығына арналған түлектердің II форумы жұмысына қатысу үшін 2 мыңнан астам түлек жиналды.

Тұңғыш рет экс-студенттердің слеті 2014 жылы өтті, ал Түлектер күні мамыр айының соңғы сенбісінде дәстүрлі түрде өткізіледі. Бақытты студенттік кезең, өмірдегі ұмытылмас сәттер университетпен байланысты. Өткен жылдарды еске алу, көптен күткен кездесу барлығы түлектерге күш-қуат беріп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Түлектер студенттік жылдары туралы естеліктерін сақтап, альма-матер өмірі жайында да үнемі қызығушылық танытып, үлкен өмірге жол ашқан университетінің әрбір жетістігі мен жеңісіне бірге қуанып отырады.

Университет пен түлектер қоғамдастығы арасындағы дәнекер, іс-шараның ұйытқысы ҚазҰУ Түлектер қауымдастығы. Қауымдастықты 1981 жылғы заң факультетінің түлегі, ҚР Конституциялық Кеңесінің Төрағасы Қайрат Мами басқарады. Төралқа құрамына Олжас Сүлейменов, Мырзатай Жолдасбеков, Кенжеғали Сағадиев, Ақмарал Арыстанбекова, Арманжан Байтасов, Алмасадам Сәтқалиев, Нұрлан Смағұлов және т.б. белгілі тұлғалар кіреді.

Жалғасы 2-бетте

ҚҰРМЕТТІ ҒАЛЫМҚАЙЫР МҰТАНҰЛЫ! ҚАДІРЛІ УНИВЕРСИТЕТ ҰЖЫМЫ!

Сіздерді қазақ білімі мен ғылымының қара шаңырағы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мемлекетіміздің дамуы мен өсіп-өркендеуін қамтамасыз етуде ғылыми әлеуетінің молдығымен, әртүрлі ғылым саласы бойынша өзіндік ғылым мектебін қалыптастырған көрнекті ғалымдармен, дәстүр мен жаңашылдықты сәтті үйлестіруімен және түлектердің биік кәсіби деңгейімен дараланған бірегей білім ордасы. Ұлттық брендке айналған жоғары оқу орны.

Университет түлектері қоғам өмірінің бар саласында табысты еңбек етіп, еліміздің өсіп-өркендеуіне елеулі үлес қосып жүр. Олардың қатарында көптеген ірі саясаткерлер, қоғам және мемлекет қайраткерлері, әйгілі ақын-жазушылар, өнертапқыштар мен танымал ғалымдар, белгілі кәсіпкерлер бар.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары оқу орындарының деңгейін анықтауға арналған әлемдік беделді рейтингтерде де алдыңғы қатардан көрініп келеді.

Болашақтың іргетасы университеттерде қаланып жатыр десек, бүгін өзінің 85 жылдық мерейтойын атап өтіп жатқан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті елімізде адам капиталының сапасын арттыруға, білім қоры мен ғылыми қазынамызды байытуға үздіксіз үлес қоса бермек. Әйгілі білім ордасының ұлы ойшыл, ғұлама ғалым, әл-Фарабидің өнегелі жолы мен ғылыми тағалымын келер күнге жалғап, ізгі қоғам қалыптастыру, сапалы білім беру мен саналы ұрпақ тәрбиелеу жолында талай биік белестерді бағындыра беретініне сеніміміз мол.


Сіздерді мерейтойларыңызбен тағы да құттықтай отырып, баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін.

Ізгі тілекпен,
Бауыржан БАЙБЕК,
Алматы қаласының әкімі



BIZDІŃ ELITA –
НАША ЭЛИТА

2-бет



ЖЕМІСТІ
ЕҢБЕК

4-бет



ӘДЕМІ КЕШ,
ЖОҒАРЫ ТАЛҒАМ...

6-бет



ҚАЗҰУ ТҮЛЕКТЕР КҮНІН ТОЙЛАДЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте



II Форумның іс-шараларына университет түлектері, мемлекеттік құрылымдар, ғылыми қоғам, бизнес-қауымдастық, Қазақстаннан, алыс және жақын шетелдерден серіктес жоғары оқу орындарының, ҚР-дағы дипломатиялық миссиялардың өкілдері, университет оқытушылары мен студенттері қатысты.

Таңғы сағат 10-да олар «Мәңгілік ел» салтанатты қақпасына жиналды. Мереке меценаттардың Құрмет тақтасының тұсаукесерімен басталып, әл-Фараби және Өмірбек Жолдасбековтің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қоюмен жалғасты. Содан кейін қонақтар студенттер сарайында ҚазҰУ-дың жетістіктері мен дамуы туралы фотокөрмемен танысты.

II Форумның салтанатты ашылуында Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек Мемлекет басшысы Қасымжомарт Тоқаевтың атынан құттықтау сөз сөйледі. ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов, ҚР Парламенті Сенатының аппарат басшысы Серік Сыдықов, ҚР Парламенті Мәжілісінің вице-спикері Гүлмира Исимбаева, ақын және жазушы Олжас Сүлейменов, ішкі істер вице-министрі Рашид Жақыпов, ҚР БҒМ департаментінің

директоры Әділет Тойбаев, «Astana Group» компаниясының президенті Нұрлан Смағұлов және басқа да белгілі түлектер сөз сөйледі.

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың айтуынша, альма-матер өзінің тарихында қазақстандық элита кадрларының басты «ұстаханасы» болып табылады. Бүгінде ҚазҰУ әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне көшуде. QS жалпы танылған халықаралық рейтингте ол әлемнің 800 үздік ЖОО ішінен 220-орынға ие болып, топ-250 қатарына енді. ҚазҰУ ең экологиялық 200 университеттің қатарына және әлемнің технологиялық дамыған 50 университетінің қатарына кіретін қазақстандық жоғары оқу орындарының бірі және «түркі әлемінің ең үздік университеті» деп танылды.

«Түлектер күнін тойлау идеясы Елбасының «Туған жер» бағдарламасымен үндеседі. Отанға деген құрмет еліне, туған ауылы мен қаласына деген махаббаттан басталады. Өзі білім алып, студенттік шағын өткізген, альма-матерге деген ерекше ықыласы – ол да жалпыұлттық патриотизмнің ең ерекше қыры. Біз экономика, ғылым, білім, мәдениет

салаларында өз үлесін қосатын түлектерімізді мақтан тұтамыз. Біздің жыл сайынғы кездесулеріміз тамаша дәстүрге айналды және бірлік пен туған университеттің даму тарихына атсалысып келетініміздің айқын көрінісіне айналды», – деп атап өтті ол.

«Мен Қазақстанның ең үздік ЖОО-ның түлегі екенімді бағалаймын. Альма-матер құрылған сәттен бастап дарынды да талантты мамандарды жинады. Қазіргі таңда түлектер біздің тәуелсіз республикамыздың дамуына өз үлестерін қосып, қолдау көрсетіп келеді. Мен мұны өте мақтан тұтамын және оларға осы баға жетпес үлес үшін алғыс айтамын», – деді Олжас Сүлейменов.

Форумда университетпен байланысты қолдап қана қоймай, альма-матерге демеушілік көрсетіп жүрген түлектер марапатталды. Атап айтар болсақ «ҚазҰУ меценаты» сертификаттары механика-математика факультетінің түлегі Асылбек Қожахметовке, журналистика факультетінің түлегі Арманжан Байтасовқа, химия факультетінің түлегі Абдрасил Жарменов пен Зелина Катрановаға берілді.

«Бүгін сіздер университет қабырғасынан түлеп ұшасыздар, алдарыңызда бұралаң әрі белгісіз сапар күтіп тұр. Сіздерде талай шынды бағындыруға деген үлкен мүмкіндіктер бар, қанша қиын болса да, болашаққа деген қадам мен жоспарды бүгіннен бастау керек. Барлық жаңалыққа ашық болыңыз, арманданыз, ішкі компасыңызға сеніңіз, алға және биік белестерге ұмтылыңыз!» – деді, меценаттар атынан сөз сөйлеген Нұрлан Смағұлов.

Форум аясында «Bizдің elita - Наша элита» кітабының үшінші томы және Альма-матер жетістіктері туралы фильм көрсетілді. Ресми іс-шаралар үлкен гала-концертпен аяқталды. Түлектер күні факультеттердегі кездесулермен жалғасып, қонақтар үшін кампус-тур ұйымдастырылды.

Баспасөз қызметі

ПОЗДРАВЛЕНИЯ

КазНУ им. аль-Фараби продолжает принимать поздравления от друзей и выпускников с 85-летием. Пожелания процветания родной альма-матер поступают с разных уголков мира. Вуз выражает огромную благодарность всем, кто поздравляет университет с юбилеем.

Дарига Назарбаева - Председатель Сената Парламента РК
Нурлан Нигматуллин - Председатель Мажилиса Парламента РК
Бакытжан Сагинтаев - Руководитель Администрации Президента РК
Жақып Асанов - Председатель Верховного суда РК
Ерлан Тургумбаев - Министр внутренних дел
Куляш Шамшидинова - Министр образования и науки РК
Жансент Түймебаев - заместитель председателя Ассамблеи народа Казахстана
Бакытжан Жумагулов - Депутат Сената Парламента РК
Динар Нукетаева - Депутат Сената Парламента
Берик Курмангали - пресс-секретарь Президента РК

ИНОСТРАННЫЕ ПРЕДСТАВИТЕЛИ

Смэйл Элисон - заместитель Генерального секретаря ООН
Пан Ги Мун - сопредседатель Центра Пан Ги Муна для граждан мира
Азиз Санжар - лауреат Нобелевской премии, университет Северной Каролины
Бекир Карлыга - представитель Альянса цивилизаций ООН
Квадрато Хосе - вице-президент Европейской сети по аккредитации в области инженерного образования
Махмут Ак - ректор Стамбульского университета
Квакварелли Нунцио - управляющий директор британской консалтинговой компании Quasquarelli Symonds Ltd (QS)
Лесникий Анджей - университет имени Адама Мицкевича

ДИПЛОМАТЫ

Арман Исағалиев - Чрезвычайный и Полномочный Посол РК в Арабской Республике Египет
Аскар Шоқыбаев - Чрезвычайный и Полномочный Посол РК в Катаре
Бейбит Исабаев - Чрезвычайный и Полномочный Посол РК в Азербайджане
Бородавкин Алексей - Чрезвычайный и Полномочный Посол РК в РФ
Булат Сарсенбаев - Чрезвычайный и Полномочный Посол РК в Индии
Ерлан Бауларбек-Кожатаев - Чрезвычайный и Полномочный Посол РК в Японии
Кайрат Абдрахманов - Чрезвычайный и Полномочный Посол РК в Королевстве Швеция
Талгат Калиев - Чрезвычайный и Полномочный Посол РК в ЮАР
Шахрат Нурышев - Чрезвычайный и Полномочный Посол РК в КНР

ВУЗЫ

Салима Кунанбаева - ректор КазУМОиМЯ им. Абылай хана
Берикбол Аркенов - президент-ректор АО «КазАТК» им. М. Тынышбаева
Ахылбек Куришбаев - председатель правления Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина
Омиралы Жалаири - ректор Юридической академии им. Динмухамеда Кунаева
Кенжетек Ибрашев - президент АО «КБТУ»
Тлек Ербулеков - ректор АО «Академия гражданской авиации»
Куаныш Дауренбеков - ректор университета «Болашақ»
Ахан Бижанов - директор РГП «Институт философии, политологии и религиоведения»
Зиябек Кабулдинов - директор Института истории и этнологии им. Ч. Валиханова
Бауыржан Ердембеков - ректор Актюбинского регионального государственного университета им. К.Жубанова
Мухтар Төлеген - ректор Восточно-Казахстанского государственного университета им. С. Аманжолова
Серик Омирбаев - ректор Северо-Казахстанского государственного университета им. М. Козыбаева
Берик Ахметов - ректор Каспийского государственного университета технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова
Кылышбай Бисенов - ректор Кызылординского государственного университета им. Коргыт Ата
Марат Ибатов - ректор Карагандинского государственного индустриального университета
Абдрахман Найзабеков - ректор Рудненского индустриального института
Сабит Исмурастов - ректор Костанайского инженерно-экономического университета им. М. Дулатова
Тулсара Мамажан - учредитель Костанайского социально-технического университета им. академика Зулкарнай Алдамжар

АКИМАТЫ И ОРГАНИЗАЦИИ

Крымбек Кушербаев - аким Кызылординской области
Бахтияр Унербаев - аким города Текели
Зарема Шаукенова - директор Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК
Нургазы Абдиқанов - председатель Алматинского городского суда
Торегельды Шарманов - Президент Казахской академии питания
Надирбек Апсалымов - Президент Казахской инновационной академии
Ербулат Макашев - генеральный директор НИИ физиологии человека и животных
Бактықожа Измухамбетов - председатель Центрального совета РОО «Организации ветеранов»
Омирзак Озганбаев - первый заместитель Центрального Совета Республиканского общественного объединения «Организация ветеранов»



ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН

КАЗНУ ЧЕСТВУЕТ МЕЦЕНАТОВ

На II Форуме выпускников состоялось чествование меценатов, которые не только поддерживают связь с университетом, но и оказывают спонсорскую помощь родной альма-матер.

Сертификаты «Меценат КазНУ» были вручены Асылбеку Кожаметову, выпускнику механико-математического факультета, Арманжану Байтасову, выпускнику факультета журналистики, выпускникам химического факультета Абдурасул Жарменову и Зелине Катрановой.

От имени меценатов выступил президент компании «Astana Group», выпускник биологического факультета Нурлан Смагулов.

«Для меня учеба в КазГУ стала очень важным этапом в жизни, именно тут я встретил новых друзей, получил фундаментальные знания, научился брать на себя ответственность, понял, что такое точность суждений и объективность оценок. Это наша альма-матер, великая школа жизни, которая дает не только базовые знания и умения, но и учит принимать решения, работать, уважать себя и других, быть равнодушным к тому, что происходит

меценатом строительства Триумфальной арки «Мәңгілік ел» и спонсором стипендий студентам на сумму 750 000 тенге. Порядка 100 персональных компьютеров студенческому Интернет-центру, три интерактивные трибуны родному факультету – таков презент выпускника биологического факультета, президента «Astana Group» Нурлана Смагулова. Свой первый вклад в эндаумент-фонд в размере 1 млн тенге внес выпускник факультета журналистики Арманжан Байтасов.

Два миллиона тенге – спонсорская помощь выпускников исторического факультета Байкадама Абласанова и Мурата Иманкулова. Джансараева Рима является учредителем нескольких стипендий для студентов из малоимущих семей в размере 500000 тенге ежегодно, также она оказала помощь в приобретении оборудования для криминалистических лабораторий и

II Түлектер форумы аясында университетіміздің аты аңызға айналған түлектері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Марапатты жазушы, акын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов, 1969 жылғы түлек, Еуразия гуманитарлық институтының ректоры Амангелді Құсайынов, казахстандық ғалым және қоғам қайраткері Рахман Алшанов, «Еуразия» бірінші арнасының бас директоры Сергей Киселев, «Білімді ел» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Ләззат Түркетановалар иеленді.

«Мен Қазақстанның ең үздік ЖОО-ның түлегі болғанымды мақтан тұтамын. Альма-матер құрылған сәттен бастап дарынды мамандарды жинады. 1954 жылы біздің оқуға түскен сәтіміз әлі есімде. Сол кезде бізді ұлты

қазақ талапкерлерді геологиялық барлау факультетіне шақырды. Бізге үштік баға алсаңдар да геолог мамандығын алып алып шығасыңдар деді. Бірақ мен сынақты үштіксіз барлығынан бестік, баға тек бір ғана төрттік алғанмын. 1954-1959 жылдардағы геолог-түлектер біздің тәуелсіз республикамызға қолдау көрсетіп отырған байлықты құрды. Барлық мұнай, металл және басқа да кен орындарын ҚазҰУ түлектері зерттеді. Мен оған өте қуаныштымын және оларға осы баға жетпес үлес үшін алғыс айтамын», – деді Олжас Сүлейменов.

Өз тілшімізден



Bizdiñ elita – Наша элита

В КазНУ им. аль-Фараби в рамках празднования Дня выпускников состоялась презентация третьего тома книги «Bizdiñ elita – Наша элита».

отведен раздел, в котором представлены портреты героев нашего времени.

«Bizdiñ elita – Наша элита» - это книга о тех, кто способствовал развитию ведущего вуза Казахстана, его трансформации в исследовательский университет мирового уровня, чья работа обусловила развитие инновационной экономики, предпринимательских инициатив, меценатства и спорта» - написал в предисловии Кайрат Мами.

В третьем томе впервые представлены очерки о двух новых факультетах КазНУ – медицинском и информационных технологий.

Перелистывая красочные страницы, переполняет чувство гордости за всех тех, кто своим умом, знаниями и трудолюбием творит будущее страны и по праву составляет Золотой фонд нации. Это жизненные истории наших современников, которые следуют девизу выпускника «Служу Отечеству», находясь в самых разных уголках планеты.

Три тома эксклюзивного издания – еще не предел, за ним последуют и другие. Летопись КазНУ продолжается...

Пресс-служба

вокруг. Именно поэтому, наш университет остается главным учебным заведением страны, продолжающим замечательные традиции, в основе которых – открытость ко всему новому, трудолюбие и высокая ответственность. Мы всегда помогали и будем поддерживать нашу альма-матер!» - отметил он.

Идея проекта «Эндаумент-фонд развития КазНУ» впервые была озвучена ректором Галымом Мутановым и поддержана президентом Ассоциации выпускников, Председателем КС РК Кайратом Мами в 2014 году. За пять лет было привлечено инвестиций на общую сумму свыше 2,5 млрд тенге, порядка 700 млн тенге направлено в виде стипендий на поддержку талантливых студентов.

Так, Абдурасул Жарменов, выпускник химического факультета заключил договор пожертвования в размере 1% роялти от патента «Сплав Казахстанский» на весь срок его действия. Зелина Катранова, также выпускница химического факультета является

оснащения полигонов в размере 9 млн тенге. И это не весь перечень помощи, которую оказывают альма-матер благодарные выпускники.

Средства эндаумент-фонда реализуются на поддержку студентов, магистрантов и докторантов, реализацию научных проектов, что способствует повышению статуса и рейтинга университета, развитию КазНУ как центра международного образования. Эндаумент-фонды получили широкое распространение в ведущих вузах мира, обеспечивая высокие позиции в мировых рейтингах. История существования фондов в США и Европе насчитывает порядка 500 лет, в России – 7, в Казахстане этот опыт получил развитие лишь с недавнего времени. Пример КазНУ в этом отношении является показательным для высших учебных заведений.

Соб. корр.



ҚазҰУ-да «Bizdiñ elita-Наша элита» атты кітаптың үшінші томының тұсаукесер рәсімі өтті

РЕКТОРАТ

Кезекті ректорат мәжілісі қалыптасқан дәстүр бойынша үздік студенттерге шәкіртақы табыстап, білім беру саласында жетістікке жеткен оқытушыларды марапаттаудан басталды.

ЖЕМІСТІ ЕҢБЕК

Кезекте білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінің деректеріне сәйкес ЖОО рейтингісінің нәтижелері туралы стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшат Салауатқызы баяндама жасап, ҚазҰУ-дың жыл сайынғы QS Emerging Europe және Central Asia рейтингі университеттердің онлайн қатысуын және PhD деңгейінде білікті қызметкерлердің үлесін қоса алғанда, сегіз түрлі көрсеткіш бойынша университеттерді бағалау арқылы жасалатынын айтты. Сондай-ақ ол жыл сайын факультеттерде ағылшынша білім беру бағдарламаларында оқитын студенттердің контингентін арттыру қажеттігін алға тартты. «Университетіміздің бәсекеге қабілеттілігін көтеруде, қоғамдағы имиджін қалыптастыруда және студенттер мен оқытушылардың ағылшын тілінде академиялық коммуникативтік икемділіктің дамуына жағдай жасауда шетел ғалымдарын шақыру білім алушылардың хабардарлығын дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан да біз шетелдік профессорлармен үнемі тығыз байланыс орнатуымыз қажет», – деді директор. Сонымен қатар ол университеттің білім сапасын қамтамасыздандыруда және жол картасындағы барлық бағыттардың көрсеткіштеріне және биылғы жылы жоспардағы оқу-әдістемелік жұмыс, академиялық ұтқырлық, халықаралық ғылыми білім беру қызметі, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет, әлеуметтік-тәрбие жұмысы бағыттарындағы негізгі мәселелерге баса назар салды. Сондай-ақ жиын аясында

университеттің 2018–2019 оқу жылындағы білім беру қызметіне әлеуметтік рейтингісінің нәтижелері туралы әлеуметтік зерттеулер және әлеуметтік инжиниринг орталығының директоры Гүлмира Серікқызы баяндамасы тыңдалып, мәжіліс барысында өзге де өзекті мәселелер талқыға салынды.

ҚазҰУ – бүгінде өзіндік салт-дәстүрге ие көпжылдық білім саласындағы және ғылыми жұмыстарда тәжірибесі мол бірден-бір жоғары оқу орнына айналды.

Қазіргі таңда университет құрамында 16 факультет, 60-тан аса кафедра, 32 ғылыми-зерттеу институты мен орталықтар және технопарк бар. 2000-нан астам профессор, доктор, ғылым кандидаты мен философия докторлары, 100-ден астам академиялардың академиктері, 40-тан аса Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткерлері, 40-қа жуық Қазақстан Республикасының мемлекеттік және атаулы сыйлығының лауреаттары, сондай-ақ 40 жас ғалымдар сыйлығының лауреаттары мен 47 мемлекеттік ғылыми стипендиялардың стипендианттары еңбек етеді. Осынау атаулы 85 жылдық мерейтой аясында университеттің дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген департамент, басқарма басшылары және барлық факультеттерден іріктеліп алынған оқытушы-профессорлық құрамдары және университеттің әр жылғы түлектері Түлектер қауымдастығының дипломымен, ведомстволық марапаттар, «Ерен еңбегі үшін» және басқа да номинациялар бойынша куәліктермен марапатталды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ПОЧЕТНЫЙ ДОКТОР КАЗНУ

За вклад в развитие международного научно-образовательного и культурного сотрудничества с университетом руководителю департамента общественной информации ООН в Казахстане Властимилю Самеку присвоено звание «Почетный доктор КазНУ».



Властимил Самек является кадровым дипломатом с более чем 30-летним опытом работы. Много лет он проработал в МИДе Чехословакии, в Чешской Республике, затем в ООН. Вот уже более 10 лет работает в Казахстане.

Благодаря неустанной и целенаправленной работе Властимила Самека, КазНУ выстроил успешные взаимоотношения со многими структурами ООН, и на протяжении многих лет активно развивает свои международные программы.

Так, КазНУ третий срок подряд является Глобальным хабом Программы ООН «Академическое влияние» по устойчивому развитию (UNAI). Важная миссия была возложена на университет, благодаря работе Международного попечительского совета программы UNAI, членом которого является г-н Самек.

Соб. корр.



На факультете географии и природопользования впервые состоялась презентация «Альбома пожеланий» выпускников

В КазНУ имени аль-Фараби состоялась республиканская научно-практическая конференция «Стратегия «Казахстан-2050»: университеты как драйверы модернизации общества», посвященная 85-летию университета. Мероприятие прошло при поддержке МОН РК, Совета ректоров вузов и НАН ВШК.

УНИВЕРСИТЕТЫ – ДРАЙВЕРЫ МОДЕРНИЗАЦИИ



В работе конференции приняли участие представители МОН РК, руководители ведущих вузов страны и компании «Майкрософт Казахстан». Они обсудили актуальные вопросы, идеи и передовые подходы по повышению конкурентоспособности нации и роли в них университетов.

Приветствуя участников конференции, ректор КазНУ Галым Мутанов акцентировал внимание на участии вузов страны в модернизации общества, переходе к наукоемкой инновационной экономике и вхождении Казахстана в число 30-ти развитых стран мира. Также была отмечена практика развитых государств, которые успешно используют модель «тройной спирали» инновационного развития экономики и общества.

«Особую роль в этих процессах играют исследовательские университеты. Сегодня

большинство стран, на основе новых технологических укладов, переходят к экономике знаний, где ключевым фактором конкурентоспособности государства становятся новейшие технологии, знания и высококвалифицированные специалисты. Именно университеты, ведущие исследования и разработки, становятся важнейшим ресурсом для наукоемкого производства. И в этой связи, казахстанские

вузы должны стать интеллектуальным драйвером национальной инновационной системы страны», – подчеркнул ректор.

Также он отметил, что КазНУ активно внедряет IT технологии во все сферы деятельности и формирует современную цифровую инфраструктуру. Так, университет инициировал создание инновационного IT-технопарка «Альянса университетов Нового Шелкового пути» по модели «Silicon Valley», который объединяет более 130 вузов мира. Ядром технопарка станет суперкомпьютер, получаемый по гранту правительства Китая, который станет самым мощным вычислительным ресурсом на постсоветском пространстве.

Впервые в Казахстане в КазНУ совместно с партнерами из КНР открыт Центр дистанционного зондирования Земли. Центр процессных инноваций и Научно-технологический парк успешно запустили в космос первые отечественные наноспутники «Al-Farabi-1» и «Al-Farabi-2». С участием бизнеса созданы и успешно работают стартапы и спин-офф компании, запущены

опытно-промышленные производства наукоемкой продукции.

На конференции с докладами выступили руководитель по работе с образовательным сектором компании «Майкрософт Казахстан» Нурлан Жаныбек, президент «Almaty Management University» Асылбек Кожамбетов, ректор Казахского национального аграрного университета Тилектес Есполов и др.

Так, Асылбек Кожамбетов подробно остановился на социальной миссии университетов, которая является одной из важных в формировании вуза как предпринимательской структуры. По мнению ученого, в современных условиях университеты должны выступать в роли «движущей силы роста», их социальная деятельность так же важна, как и коммерциализация научных знаний и разработок.

В рамках конференции, ставшей эффективной диалоговой площадкой для научно-образовательного сообщества, прошли пленарные и тематические секционные заседания, где обсуждался широкий круг вопросов, посвященных роли университетов в модернизации общества.

Во время работы участники конференции отметили важность обеспечения эффективного процесса формирования не только высококвалифицированных специалистов, но и патриотов, граждан страны и мира, с акцентом на культ знаний, национальную идентичность, глобальную гражданственность, прагматизм, социальную ответственность и другие ключевые ценности.

В завершение мероприятия была принята резолюция с предложениями участников по вопросам повестки дня конференции.

Гуль БАЯНДИНА

КІТАП КӨРМЕСІ

25 мамыр күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 85 жылдығы мен Түлектер қауымдастығының 25 жылдығы тарихта қаларлықтай деңгейде аталып өтті. Бұл ауқымды мереке аясында «Қазақ университеті» баспа үйі Ө. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында кітап көрмесін ұйымдастырды.



«Өнегелі өмір» сериясының кітаптары да қалып көпшіліктің назарына ұсынылды. Бүгінде Халықаралық сатыдағы баспалармен табан тірескен «Қазақ университеті» баспа үйі 85 жылдық мерейтойға елеулі үлес қосып, көрмені барынша жоғары деңгейде өткізді. Мерекеге орай Түлектер қауымдастығы өткізген форумда Қ.Ә. Мемидің редакторлығымен «Қазақ университеті» баспа үйінде басылып шыққан «Bizдің elta – Наша элита» кітабының үшінші томының тұсаукесері өткізіліп, университет жетістіктері жайлы фильм көрсетілді.

ҚазҰУ-дың қос мерекесімен тұспа-тұс келген тағы бір айтулы оқиғаның бірі – Халықаралық қатынастар және шығыстану факультеттерінде «AL-FARABI BOOK SHOP» дүкені ашылуы болды. Қуанышымызды бөлісуге университетіміздің түлектері, оқытушы профессорлары келді. Сондай-ақ белгілі шығыстанушы, филология ғылымдарының докторы Әбсаттар Дербісәлі де қонақ болып, жылы лебізін білдірді. Осындай тарихы терең, тағдыры мол тұлғалар дәріс беретін жетекші оқу орнында білім алу, әр түлектің бойында мақтанш сезімін ұялатары сөзсіз.

Айгерім АЙДЫНБАЕВА,
«Қазақ университеті» баспа үйінің
«Маркетинг» бөлімінің қызметкері

ФОТОЛЕТОПИСЬ ДОСТИЖЕНИЙ

В рамках II Форума выпускников в фойе Дворца студентов развернулась масштабная фотовыставка о достижениях КазНУ им. аль-Фараби.



Экспозиция представила основные вехи развития университета со дня основания. Тот славный путь, который прошел вуз, став сейчас оплотом всей системы высшего образования страны. Красочно и информативно оформленные разделы фотовыставки – Сплав традиций и инноваций, КазНУ в мировых рейтингах, Высокое доверие ООН, Модель вуза нового поколения – Университет 4.0, Качественное образование, Цифровой университет, Наука и инновации, Духовное формирование граждан страны и мира.

Соб. корр.

ЕРБОЛ ШАЙМЕРДЕНОВ АТЫНДАҒЫ АУДИТОРИЯ

Саналы ғұмырын Қазақстан баспасөзі мен мәдениетіне, тіл саласының өркен жаюына арнаған белгілі ақын, публицист Ербол Шаймерденов тәуелсіздік кезеңінің куәгері ғана емес, жаңа заманды өз қолымен жасауға қатысқан ұлт руханиятының қайраткерлері қатарында есімі ұмытылмақ емес.



Елбасының алғашқы баспасөз хатшысы, көрнекті рәмізтанушы, белгілі қаламгер һәм журналист Е. Шаймерденов мемлекетшіл мінезімен, қайраткерлік қасиетімен өз тұғырын қалап кеткен ерен тұлға. Елін сүйген, халқының мәдениеті мен тілін ұлықтап өткен тұлғаны мәңгі есте қалдырудағы тағы бір мақсатты кадам — өзі оқыған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде Ербол Шаймерденов атындағы аудитория салтанатты түрде ашылды.

Заманауи құралдармен жабдықталған аудиторияның лентасын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанов пен ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрлан Оразалин қиды. Ректор Ғ.Мұтанов өз сөзінде: «Ербол Шаймерденов салмақты мінезіне жанының жайсандығы жарасқан азамат еді. Қазақстанның төрт бұрышының жақсылары оның жақыны болды. Ол кісімен бүкіл Түркияны бірге аралап, сапарлас болған күндерім әлі күнге жадымда жаңғырып тұрады. Әсіресе адамға ерекше әсер қалдыратын қасиеті — ол кісінің мемлекетшілдігі еді. Не жазса да, кіммен сұхбат құрса да, алдымен мемлекеттік тұрғыдан ойлайтын терең ойлы, кең жүректі азаматтығын байқамау, бағаламау мүмкін емес. Сондықтан Ербол секілді тұлғаларды жастарымызға үлгі етіп, өнеге тұту мақсатында өзі білім алған журналистика факультетінен арнайы аудиторияны ашып отырмыз. Біздің мақсатымыз болашаққа білікті мамандар тәрбиелеп қосу болса, осы аудиторияның қабырғасында өркениетке ұмтылған елдің қатарынан қалмауға ұмтылған, білімге құштар жастарымызға қайраткер азаматтың мағынаға толы өмір жолы өз тағылымын береді деп сенеміз» деді.

Кең әрі жарық, жаңа аудиторияның жабдықталуына Е.Шаймерденовтің отбасы үлкен көмек көрсеткен. «Ербол Шаймерденов кім болды? Ел руханияты алдында қандай еңбегі бар?» деген сұраққа толықтай жауап беретін, тақырыптарға бөлінген қабырға мәліметі аса мол. Аудиторияда қайраткердің балалық шағынан бастап студенттік өмірі,

журналистік қалыптасу жылдары, ақындық қыры, қайраткерлік келбеті, рәмізтанушылығы, аудармашылығы тұтас көрініс тапқан.

Жиында Ербол Шаймерденовпен бірге қызмет істеп, өмірдегі сәулелі сәттерін бірге бөліскен әріптес ағалары мен замандастарының естелігі, негізінен, бір арнаға тоғысып жатты. Талғамы биік, толғамы терең Е.Шаймерденовтің қай бағытта қызмет етсе де, өз ісіне жауапкершілікпен қарап, ұқыптылықпен атқарғанын сүйсіне де, сағына да еске алды. Белгілі ақын Н.Оразалин оның ақын ретінде ерте көзге түскенін, «Пионер» журналында қызмет атқарып жүргенде, мектеп оқушысы болып жүрген оның алғашқы балауса өлеңдеріне сәт-сапар тілегенін, қайындар елінен шыққан Шаймерденовтің қазақ поэзиясының қабырғалы шайыры болып қалыптасуына дейінгі шығармашылығының үздіксіз өсу кезеңінде болғанын ақын

бақытына балады. Белгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы «Ербол жасаған үш ерлік» деп, оның аударма саласында жасаған академиялық еңбегін, қалың орыс ортасында өскен болашақ қаламгердің қазақ тілінің қаймағы мен мәйегін бір адамдай сіңіріп, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында тілге деген сол құрметі мен жанашырлығын күреспен жалғастырғанын және біздің қоғамдағы рәмізтану ісін ғылым ретінде қалыптастырудағы еңбегін айшықты мысалдармен атап өтті. «Ерболға аудиторияның қажеті шамалы, аудитория ел ертеңіне жауапты жастарымыз үшін керек», деп түйіндеді ол өз сөзін.

Парламент Мәжілісінің депутаттары Рахман Алшанов пен Зәуре Аманжолова болмысы ерек тұлғамен етене жақын араласқандарын айтып, қайраткерлік қыры мен жазушылық жолы туралы жүрекжарды лебіздерімен бөлісті. Ал белгілі қаламгер Смағұл Елубайдың тебіреніп отырып айтқан естелігі өз тағдырын ел мүддесімен еселеген Ербол Шаймерденовті ұмытпай, ұлықтауға жиылған басқосуды түйіндегендей болды. «Азаматтың бақыты неде деген сұрақ туар болса, азаматтың ең бірінші бақыты, өз еліне қызмет студент басталады екен. Әрбір ұл мен қыз өз міндеті мен парызын лайықты атқара білсе, ұлт осал болмайды. Екінші бақыты, сол жасалған еңбекті, еңбек сіңірген азаматты елінің бағалай білуі. Жан-жақты қырымен ерте танылған Ербол о бастан даналыққа құштар еді. Өз еліне Ерболдай еңбек сіңірген азаматтардың аты мәңгі аталып жүргей, сонда ғана халық өз қалпынан биіктейді».

Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫ

Әдемі кеш, жоғары талғам...

ҚазҰУ түлегі атану – әрбір адамға бұйыра бермейтін үлкен бақыт әрі зор мақтаныш. ҚазҰУ түлегі бұл өз елі мен университетінің абыройын жоғары деңгейде алып жүретін тұлға, өйткені төрт немесе алты жыл бойы әрқайсыңыздың жеке тұлға ретінде қалыптасуларыңыз үшін жоғары кәсіби, білікті де білімді мамандар мен профессорлар жұмыс істеді. Күні кеше ғана тағы бір толқын жас түлек университеттен түлеп ұшты. Осыған орай «Әл-Фараби» кітапханасында дәстүрлі «Түлектер балы» өтті.

Түлектер балында университет ректоры, академик Ғалым Мұтанов түлектерге ақ тілегін білдіріп, олардың мықты маман болып, еліміздің, жеріміздің тұғыры болатындығына сенім білдірді. Сондай-ақ, университет ректоры университет басшылығы атынан жылдың ең үздік 25 түлегіне «Алғыс хат» табыстады.

Марапаттаулардан кейін сөз алған ҚазҰУ Жастар Ұйымдар Комитетінің экс-төрағасы,

«Волонтерлар Лигасы» Қоғамдық Қорының жетекшісі Айсұлу Ерниязова барша ҚазҰУ ұжымы мен түлектерін университеттің 85 жылдық мерейтойымен құттықтап, түлектерге ақ жол тіледі.

«Түлектер балы» биыл бітіруші түлектердің жүрегінде қызыққа толы студенттік шақтың соңғы күндері ретінде алтын әріппен жазылатындай естелік пен ерекше сезім



сыйлайтыны анық. Сондықтан, бұл шараға жиналған бітіруші түлектер көп болды. Ата-аналары, туған-туыстары да арнайы қатысып,

ұл-қыздарының осындай білімнің биік мекенінен асқақ өмірге кадам басып келе жатқандықтарын мақтанышпен айтып жатты.

ҚазҰУ студенттерге тек сапалы білім беріп қана қоймай, олардың толыққанды тұлға болып қалыптасуына барлық жағдай жасайды. ҚазҰУ-дың студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарында қызмет еткен әр студент қоғамның дамуына ерекше үлес қосуға қабілетті жас болатыны сөзсіз.

Ақ көйлек, смокинг, бабочка. Мұның бәрі әдемі кештің, жоғары талғамның, эстетикалық тәрбие белгілерін көрсетеді. Бүгінде елімізде жастармен ұйымдастырылатын мәдени кештер бал мәдениетін дамытып, сондай шараларда вальс билеу үлкен танымдылыққа ие болып келеді. Шара соны, ҚазҰУ түлектерінің әсерлі мәдени балымен жалғасын тапты.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,

философия кафедрасының докторанты

В КазНУ состоялся традиционный Бал выпускников

ТҮЛЕКТЕР тартуы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әр жылдағы түлектерінің басын қосылған Екінші Түлектер форумы өткізілді. Түлектер күні корпоративтік рух пен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. Себебі, біздің барлық түлектеріміз үшін біздің университет екінші үй, олар үшін университеттің есіктері әрдайым ашық.



Дәстүр бойынша университеттің көркемдік топтарының гала-концертінен кейін ЭЖБЖМ-де түлектердің кездесуі өтті. ЭЖБЖМ деканы Р.К. Сагиеваның ұйымдастыруымен экономика факультетінің беделді түлектерінің құрметті тақтасы ашылды. Факультеттің құрметті тақтасының ашылуына әр жылдары бітірген түлектер қатысты. Тақтаны салтанатты ашуы құрметті түлектер У.К. Шеденов, Х.Ш.Дүйсембаев, Е.Б. Жатқанбаевтар тапсырды.

Құрметті тақтаның ашылуынан кейін дөңгелек үстел өтті. Кездесу барысында түлектер студенттік жылдардағы естеліктерімен, өздерінің тәжірибелерімен бөлісті, кітаптарын ұсынды.

Дөңгелек үстелдің аяғында түлектер стипендиялар тағайындалды. Дәстүр бойынша, экономика ғылымдарының докторы, профессор Ж.Я. Әубәкірова экономика кафедрасының

студенттеріне академик Я.А. Әубәкіровтің атындағы стипендияны табыстады. Сондай-ақ, PhD докторы Д.Мукиева, «Үздік оқытушы 2018» грантының иегері Г.А. Садыхановалар өздерінің аттарынан студенттерге шәкіртақы ұсынды.

Экономика кафедрасының түлектері кафедраға сканер сыйлады. Ал қаржы кафедрасының түлектері Эндаумент фондына қаржы бөлді. Сонымен қатар, есеп және аудит кафедрасының түлектері кафедраға техникалық құрал-жабдықтармен қатар, кафедраның үздік студенттеріне стипендия ұсынды. Менеджмент және маркетинг кафедрасының түлектері болса, кафедраға 3 ноутбук және 3 проектор сыйлады, сонымен қатар кафедраның үздік студенттеріне стипендия табысталды.

Экономика және бизнес жоғары мектебі

Әр жылдағы түлектер қатысты

ҚазҰУ-дың 85 жылдығы мен Түлектер Қауымдастығының 25 жылдығына арналған II Түлектер форумы аясында география және табиғатты пайдалану факультеті факультет тарихындағы түлектер мен оқытушы-профессорлар өмірі жайлы хронологиялық сипатта көрсететін «ФОТО-ГЕО» фотокөрмесін ұсынды.

Биылғы жылғы II Түлектер форумына география және табиғатты пайдалану факультетінің 60 астам түлектері Қазақстанның әртүрлі қалаларынан және 30 жылдық "география" мамандығының түлегі, 20 жыл бұрын Канадаға қоныс аударған, сол ел азаматтығын алған Рафкат Розыбакиев университет форумына шақырту алып, арнайы қатысты. Сонымен қатар, факультетте қызмет атқарған, 30-20 жылдық түлектерге дәріс оқыған қазіргі кезде зейнеткер ұстаздар, университет құрдастары Р. Утекешова, Е.Жамалбеков және т.б. қатысты.

Факультет түлектері мен қонақтар және факультеттің оқытушы-профессор құрамы факультет тарихындағы ең үздік танымал түлектеріне арналған стендтің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты. Салтанатты рәсім лентасын кесу Нұр-Сұлтан қаласынан арнайы келген 60-жылдық түлек, Қазақстан Республикасының минералдық ресурстар Академиясының академигі, Абыз алтын-полиметалл кен орнын және Кентөбе темір кен орнын алғаш ашушы, Қазақстан Республикасының өндірістік геологиялық

ұйымдары қауымдастығының «Құрметті геолог» С. Хамзаұлына және факультеттің ұстазы Р. Өтекешоваға ұсынылды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 85 және Түлектер Қауымдастығының 25 жылдығына арналған «Bizдің elita – Наша элита» атты кітабы осы кітапқа енген факультет түлегі, профессор С.А. Құсайыновқа салтанатты түрде табыс етілді.

Салтанатты жиында География және табиғатты пайдалану факультеті тарихында тұңғыш рет «Түлектер альбомы» салтанатты түрде ұсынылды. Сонымен қатар, түлектер тарапынан студенттерге бір реттік стипендиялар табысталды. Салтанатты жиыннан кейін келген түлектер мен қонақтарға фуршет және «Al-Farabi university - smart city» бойынша экскурсия ұсынылды.

Ө. САҒЫМБАЙ,

География және табиғатты пайдалану факультетінің

Түлектер Қауымдастығының үйлестірушісі



На факультете биологии и биотехнологии состоялась торжественная презентация стенда о выдающихся выпускниках и педагогах «Біздің мақтанышымыз».

ГОРДОСТЬ ФАКУЛЬТЕТА

Выслушав меня, взвесив все «за» и «против», она сказала мне: «Если ты любишь медицину, но боишься крови, поступай на биологический факультет КазГУ, там есть специальности, родственные с медициной и большое поле деятельности для науки. Биология – основа медицины». Эта встреча была для меня судьбоносной, я всю жизнь благодарна этой великой женщине. Воодушевившись ее теплым приемом и очень дельным советом, я, закончив школу с золотой медалью, слав единственного экзамен по химии, поступила на биофак КазГУ. Всегда вспоминаю с большим уважением и любовью своих прекрасных Учителей – крупных ученых, внесших вклад в развитие физиологической науки Казахстана – настоящих Академиков, прекрасных, интеллигентнейших людей.

С высоты сегодняшнего дня я думаю, что если бы я не выбрала специальность «Биология», вряд ли могла бы добиться такого успеха, которого достигла, благодаря полученным знаниям в стенах Университета, ну и, конечно, поставленной цели, упорству и трудолюбию.

КазНУ им. аль-Фараби – признанный флагман науки и образования нашей страны, бренд, который известен всем. Я горжусь тем, что закончила биофак этого легендарного Университета!

Рахметкажи БЕРСИМБАЙ, академик НАН РК, профессор ЕНУ им. Л.С. Гумилева в своем выступлении отметил:

– 85-летний юбилей КазНУ свидетельствует о неограниченном вкладе в формирование интеллектуального потенциала страны. Вы по праву можете гордиться яркими страницами биографии университета, именами выдающихся деятелей образования и науки страны, кто стоял у истоков его создания, кто обеспечивает его авторитет и востребованность в настоящее время! Сегодня университет – современный, развивающийся и соответствующий стандартам образования вуз. Особой гордостью университета является коллектив факультета биологии и биотехнологии, внесший значительный вклад в развитие биологической науки Казахстана. В настоящее время коллектив факультета проводит инновационную политику в образовательной, научной, социальной и других сферах, направленную на качественное преобразование и устойчивое социально-экономическое развитие страны. Уверен, что КазНУ и дальше будет преумножать свои лучшие традиции и блестяще выполнять свою благородную миссию.

Назира БИШИМБАЕВА, выпускница 1979 года, академик НАН РК в своем приветственном слове сказала:

– Мы, биологи, были первыми жителями КазГУграда, первым было сдано общежитие биологического факультета. Когда мы поселились в двухкомнатные секции с балконом и своим собственным санузелом, восторгу нашему не было предела. Тем более,

что общежитие находилось, как вы знаете, в живописном месте, где располагался прекрасный яблоневый сад. Кругом все благоухало, пели птицы, а по вечерам звучала музыка Поля Мориа.

Это было прекрасное, романтическое и безоблачное время, когда мы могли позволить себе полностью погрузиться в учебу, общественную работу, посещать кружки художественной самодеятельности, а на старших курсах – проводить эксперименты в лаборатории.

Главным критерием уровня университета и главным его богатством и лицом является профессорско-преподавательский состав. Когда я была студенткой, а затем аспиранткой, считала, что на нашем факультете работают самые необычные, самые интеллигентные, талантливые и высокообразованные преподаватели, каждый из которых – незаурядная неординарная личность. Наша группа по кафедре физиологии и биохимии растений на 4 курсе получила звание Кировской – лучшей, так как почти полностью состояла из отличников и активистов.

Незримые душевные нити связывают нас, выпускников, с родной Alma mater до сих пор! Уверена, что коллектив университета и факультета и далее будет вносить достойный вклад в развитие биологической науки, укрепление кадрового потенциала биологии и биотехнологии Казахстана.

Наргуль ОМИРБЕКОВА, координатор факультета по работе с выпускниками



ҚАЗҰУ ТҮЛЕКТЕР КҮНІ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІПТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА,**
Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШҮРИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 7,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Талсырыс: №810

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.